



FTAMP17.01.29,19.21.07

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-149-4-164-178>

Ә. Нұршайықов шығармашылығындағы деректілік пен нарратив тәсілдері (жазушының күнделік жазбалары негізінде)

Л.А. Алмас*¹, С.Ә. Қалқабаева¹, М.Б. Тоқтағазин²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: *leilalmas0805@gmail.com, sk.61@mail.ru, ²muratbek_63@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада қазақ прозасына тың ізденістерімен формалық жаңалықтар алып келген Қазақстанның Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығындағы деректілік негіз бен нарративтік тәсіл мәселесі сөз етіледі. Дара суреткердің шығармашылығына тән деректілік пен нарративтік тәсілдерді басты зерттеу нысанына айналдыра отырып, бұл мәселені авторлық концепциямен тығыз байланыста қарастырады. Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығындағы деректі-нарративтік тәсілдердің түрленіп қолданылуы оның туындыларында оқиғаларды шынайы баяндау мен көркемдік сипаттаулардың синтезі ретінде көрінетіндігін контекстік талдаулармен дәлелдейді. Деректілік пен көркем баяндауды мәнерлілікпен үйлестіруі, қаламгердің бірегей авторлық стилін танытатыны ғылыми тұжырымдармен дәлелденеді. Зерттеудің мақсаты – қаламгердің шығармашылығындағы деректілік негіз бен нарративтік тәсілдердің ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ олардың өзара байланысы мен авторлық концепциядан туындау негізін, бірегей авторлық стилін таныту. Мақсатқа жету және ғылыми гипотеза жасау мақсатында мақалада деректілік және нарратив тәсілдеріне тән стильдік бірліктерді анықтауға баса назар аударылады, қаламгер шығармаларына контекстік талдаулар, болжамды тұжырымдар жасалады. Ә.Нұршайықовтың шығармашылығын кешенді зерттеудің ғылыми әдістері қолданылады. Зерттеу нәтижелері Әзілхан Нұршайықовтың қолтаңбасына тән деректілік негіздің көркемдікпен, авторлық концепциямен, нарратив тәсілдермен синтездігін тануға апарады. Қаламгер шығармашылығына тән осындай аспектілерді зерттеу мақаланың жаңашылдығы болып табылады. Осы тұрғыдағы ізденістеріміз Әзілхан Нұршайықовтың қазақ прозасы мен публицистикасының баяндау (нарратив) тәсіліне алып келген тың формалық түрлерін тануға апарады, деректі-нарративтік тәсілдер туралы мәліметтерді кеңейтеді.

Түйін сөздер: формалық-стильдік жаңалық, деректілік, нарративтік тәсіл, авторлық концепция, авторлық стиль.

Кіріспе

Дәуір шындығын суреттеуде өмір деректерін негізге ала отырып, сан алуан нарративтік (баяндау) тәсілдерді қолдана отырып формалық жаңашылдық әкелген бірегей қаламгер – Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов. Шығарма мазмұны мен кейіпкерлерді өмірлік негізден алып, оны көркемдікпен үйлестіре суреттеп баян ету – қаламгерге тән дара стильдік ерекшелік. Қазақ публицистикасы мен прозасына шығармашылық ізденістері арқылы мазмұндық-пішіндік көп жаңашылдық әкелген Ә. Нұршайықовтың шығармашылығында әлі де зерттелмей жатқан тың аспектілер көп. Соның бірі – қаламгердің жалпы шығармашылығына тән деректі-нарративті тәсілдер. Зерттеуіміздегі жаңа ізденістер шығармашылығында деректілік пен нарративтік тәсілдерді түрлендіре қолдана отырып, формалық-стильдік жаңалықтар әкелген қаламгердің дара қолтаңбасын айқындауға бағытталды.

Ғылыми мақаланың негізгі мақсаты – Ә.Нұршайықов шығармашылығындағы баяндау концепцияларын талдау. Соңғы жылдарда жазушы шығармашылығы жайлы зерттеу жұмыстары болғанмен, автордың концепциясы мен дара стилі, баяндау тәсілдері мен деректілік негізі жайындағы ғылыми зерттеулердің саны аз. Ғылыми мақаламызда Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылығына тән осындай тың аспектілерді зерттеп талдауды міндет етіп алдық. Алға қойған мақсат-міндеттерді жүзеге асыруда қаламгердің көркем публицистикалық шығармаларында көрініс алған идеялық-мазмұнды берудегі жаңашыл әдіс-тәсілдерін, формалық жаңашылдығын, нарративтік концепциясын зерделеуге ден қойдық.

Зерттеуімізде Әзілхан Нұршайықов қаламынан туындаған көркем мәтіндердегі формалды эксперименттерге талдау жасалады. Аталған жаңашыл тәсілдер оның шығармаларының баяндау концепциясын жүзеге асыруда қандай рөл атқаратындығымен оқырманның мәтінді қабылдауы мен пайымдауына қалай әсер ететіндігі қарастырылады.

Зерттеу жұмысы алдыңғы ғылыми зерттеулермен диалог құру арқылы, мәтіндік талдау және салыстырмалы ғылыми әдістерді қолдану арқылы Әзілхан Нұршайықов қалыптастырған нарративтік тәсілдердің қазақ әдебиеті мен публицистикасында бүгінге дейін жаңашылдығын жоймай, қайта жанданып келе жатқандығын дәлелдеуді көздейді.

Зерттеу әдістемесі

Мақалада публицист-жазушы Ә.Нұршайықов шығармашылығына тән деректілік, шынайылық сипаттарды ашуда нарратологиялық айқындамаларға сүйене отырып, бүгінгі таңда шығармашылықта көрініс алып жүрген инновациялық, постмодернистік парадигмалардың ішіндегі нарративті тәсілдерді талдауға тырыстық. Ә.Нұршайықов шығармашылығындағы формалды жаңашылдық пен баяндау концепциясын жан-жақты талдау үшін бұл зерттеуде бірнеше құрылымдық, стильдік және семиотикалық тәсілдерді біріктіретін мәтіндік талдаудың кешенді әдістері қолданылды. Бұл тәсілдер автордың стилін түсінуге, формальды инновацияның негізгі элементтерін анықтауға

және олардың шығарманың баяндау құрылымындағы қызметтерін бағалауға мүмкіндік береді.

Құрылымдық талдау мәтіннің композициялық және баяндау ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Бұл тәсілдің аясында дәстүрлі баяндау үлгілерінен ауытқуларды анықтауға, оқиғаның сюжеттік динамикасы мен уақыт параметрлерін талдауға ерекше көңіл бөлінеді. Осы аспектілерді егжей-тегжейлі қарастыру бізге инновациялық әсерлерге жету үшін Әзілхан Нұршайықовтың дәстүрлі баяндау құрылымдарын қалай қалпына келтіретінін түсінуге мүмкіндік береді.

Стилистикалық талдау мәтіндердің тілдік және стилистикалық ерекшеліктерін, соның ішінде сөз таңдауын, синтаксис ерекшеліктерін және сөйлеу тұлғаларының қолданылуын зерттеуге бағытталған. Стилистикалық талдаудың маңызды элементі белгілі бір эмоционалдық, психологиялық және интеллектуалдық әсерлерді жасау үшін автор қолданатын риторикалық құралдарды зерттеу болып табылады. Бұл тәсіл Әзілхан Нұршайықовтың авторлық стилінің ерекшелігін бағалап қана қоймай, оның мәтіндегі жаңашыл идеяларын жүзеге асыруға стильдік ерекшеліктердің қалай ықпал ететінін түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Әзілхан Нұршайықовтың дәстүрлі баяндау формалары мен стильдік ерекшеліктеріне ерекше көңіл бөлінді. Бұл талдау жазушы шығармашылығындағы формалық жаңашылдығы бар мәтіндерді түсіндіруге және олардың оқырмандарына қалай әсер ететінін ұғынуға көмектеседі.

Зерттеу мақсаттарына жету үшін мәтіндік талдауды және сыни интерпретацияны қамтитын сапалы талдау әдістері қолданылады. Жазушының стильдік-баяндау тәсілдерінің дамуы мен өзгерісін бағалау мақсатында Әзілхан Нұршайықов шығармашылығының талдауға негізгі дереккөз ретінде оның күнделік естеліктері таңдап алынды.

Әдеби шолу

Әзілхан Нұршайықов шығармашылығындағы деректілік негіз бен нарративтік тәсілдерді шеберлікпен қолданылу ерекшеліктерін айқындау мақсатында публицист-жазушының мол мұрасы толықтай қамтылып 2005 жылы «Қазығұрт» баспасынан жарық көрген он томдық таңдамалы шығармалар жинағы (Нұршайықов, 2005: Т.1-10), «Екі естелік» (1985), «Өмір өрнектері: Әдеби күнделіктер» (2000) т.б. көркем публицистикалық сипаттағы кітаптары зерттеу нысанына алынды. Зерттеу барысында Ә. Нұршайықов шығармашылығы бойынша әр түрлі аспектіде ғылыми еңбектер мен мақалалар жазған ғалымдардың да тұщымды ойларын басшылыққа алдық.

Атапайтсақ, қаламгер шығармашылығының поэтикасын қарастырған әдебиеттанушы-ғалым С. Қалқабоеваның «Көркем шығарма поэтикасы» атты монографиясы (Қалқабоева, 2021), М. Тоқтағазиннің «Деректілік пен көркемдік» (Тоқтағазин, 2012) және «Замансөз заңғары» (Тоқтағазин, 2022) еңбектері басшылыққа алынды. Сонымен қатар нарратология, нарратив ұғымына кеңірек түсінік беріп, даралық табиғатын айқындай түсетін отандық және шетелдік ғалымдар С. Ержанованың «Қазіргі қазақ прозасындағы нарратология» (Ержанова, 2020), В. Шмидтің «Нарратология» (Шмид, 2003),

О. Ковалевтің «Нарративные стратегии в литературе» (Ковалев, 2009), В. Тюганьң «Нарратология изтика» (Тюга, 2022) еңбектері, т.б. қамтылды. Журналист-жазушының шығармашылығына арналған конференция материалдары «Әзілхан Нұршайықов және қазақстандық журналистиканың өзекті мәселелері» (2013) және «Әзілхан Нұршайықов және журналистикамен әдебиеттанудың өзекті мәселелері» (2022) атты республикалық ғылыми конференциялар материалдарының жинағыда негізге алынды.

Талдау мен нәтижелер

Кез келген шығармашылық туындыны тұтастыққа апаратын – композиция. Шағын көлемді публицистикалық мақала болсын мейлі кең көлемді әдеби шығарма болсын, оның композициясында басты қызметті баяндау (нарратив) тәсілі атқарады. Француз, литва лингвисті және әдебиеттанушысы А.Ж. Греймас пен Ж. Курте нарративтілікті «кез келген дискурстың суреттеу ғана емес, ұйымдастырушы принципі де» (Греймас, Курте, 1983) деп айқындайды. Нарративтік тәсілдердің өзі түрленіп, алмасып отырады. Осыған орай баяндаудың тәсілдері өте көп. Соның бірі – деректі-баяндау тәсілдері. Бұндай тәсіл шындық пен көркемдіктің үйлесімінен тұратын ерекше әдеби кеңістікті құра отырып, фактілер мен нақты оқиғалар элементтерін көркем бейнелейді. Баяндаудың осындай ұтымды да дара сипатын біздің зерттеу нысанымызға айналып отырған Ә. Нұршайықов шығармаларынан көреміз. Сөзімізге журналист-жазушының «Екі естелік» эсселері нақты дәлел болары анық. Бұл естелік-эсседе қазақ әдебиетінің Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Мәлік Ғабдуллин, Әбділда Тәжібаев, Бауыржан Момышұлы сияқты ірі қайраткерлерінің тұлғалық болмысын деректілік негізге сүйене отырып танытады. Тек авторлық баяндауға жүгінбей, нарративтік тәсілдерді түрлендіріп отырады. Кейіпкерлерімен кездесу, сұхбаттасу сәттеріндегі сезімдік түйсінулерін субъективті-эмоционалды реңкпен жеткізе отырып, оқырманның да эмоциялық бағамен қабылдауын ескеріп отырады. Шығармашылық тұлға болмысын аша түсудегі автордың субъективті-шығармашылық іс-әрекеті көркемдік таным мен парасатты пайымдауға ұласып жатады.

Сөзімізге дәлел ретінде Ә. Нұршайықовтың Мұхтар Әуезов жайлы жазған «Әуезовтің Керекуге келуі» атты естелігіне тоқталсақ. Мұхтан жайлы әңгімесін: «...Әуезов шетел шляпасын сол қолына ұстап, мейірлене күліп, баспалдақпен сабырлы түрде төмен қарай түсе бастады. Үстінде метродан мол етіп тігілген жолақты сұр костюмі бар. Кеудесінің сол жағында, кішкентай жалын болып, депутат значогі жарқырайды. Шалбардың бір кездері кең балағын кейін қысқарта тарылттырғанға ұқсайды. Сондықтанда жазушының аяғындағы сарғылт түсті таспадан өріле тоқылған жеңіл туфлиі жалт-жұлт етіп, айқын көзге түседі» (Нұршайықов, 2005:13) [1], – деген жолдармен бастайды. Классик жазушы М. Әуезов жайлы өзі көрген-білгендерін жәй ғана баяндап қоймай, ағанилі кыстық ілтипатпен сырлы байланыстыда сезімге бөлей көрсетіп, оқырманның қызығушылығын туындатады. «...Маған бұрын Мұхтар Эльбрус шыңындай, тәкаппар да суық жан сияқты болып көрінетін еді. Мұншама даңқы, атағы абыройы бар адам өзінен төмен ешкіммен амандаспайтын да, сөйлеспейтін де шығар деп ойлайтынмын. Бұл – жазушымен жақындаспаған шақта, көлеңкеге қарап пішілген тон тәрізді,

сырттай жасалған болжау болатын. Мұхаңмен үш-төрт күн бірге болып, оның лебізін естіп, адамға үйірлігін, кісімен сөйлескіштігін көргенде, менің олойларым айдалада қалды» (Нұршайықов, 2005:27)[2], – деп Мұхаң сынды ұлы жазушыны көргендегі алғашқы ойларын, бүкпесіз баяндауының өзі автормен оқырман арасындағы шынайы коммуникативтік байланысты туындатады. Тек өзі ғана куә болған кейіпкер образын оқырманның да көз алдына елестетеді. Әңгіменің Мұхтар Әуезов жайлы өрбуі деректі көркем шығарма екендігін танытса, оқиғаның автордың өз тарапынан тізбектеле көрініс тауып, әсем баяндалуы – аталмыш шығармада автор-нарратор екендігін де айқындайды. М. Әуезовтің Кереку өңіріне сапары туралы жазған Ә. Нұршайықовтың «Әуезовпен болған бес күн» атты естелігі кезінде республикалық газетке жарияланды. Кейін толықтырылып «Екі естелік» деген атпен жарық көреді. Бұл еңбегі кезінде үлкен ілтипатқа ие болды. «Екі естелік» кітабында қазақтың біртуар жазушылары М. Әуезов пен С. Мұқанов бейнелерін сомдап, олардың халыққа белгісіз жаңа қасиеттері мен адами болмыс-бітімдері жөнінде әңгіме толғайды. Жас болса да бас болып, ұлы тұлғалармен болған жүздесуден алған әсерін баяндай жырлаған еңбегінде тек автордың танымын ғана емес халықтың, заман мен уақыттың тынысын да сеземіз.

Өмірде болған нақтылы жайларды анық мәлімет, айқын деректерге сүйене отырып бейнелей баяндау тәсілі деректі жанрға тән сипат. Деректі жанрға өмірбаяндық, естелік түріндегі публицистикалық шығармалар мен көркем очеркті жатқызуға болады. Деректі жанрда әдеби шығармаға тән көркемдік сипаттар өмірдегі нақтылы шындық баяндалып отырған жай-жағдайлар автордың ой-елегінен өткізіліп, оның сезім-әсерлері мен нәрленіп шығуы арқылы танылады [3]. Деректі жанрда автордың өзі қатысып, көріп-білген немесе құжаттарға негізделген, естелік ретінде айтылған жай-жағдайлар қамтылады. Қаламгердің нарраторлық шеберлігі нақты фактілер мен деректердің шеңберінен шықпай отырып-ақ, шығармаға үлкен танымдық, көркемдік сипат дарыта баяндауынан байқалады. Демек деректілік–негізгі көркемдік тәсіл болып табылады. «Қаламгер және оның достары» атты тарихи фактілерге негізделген кітабында жас қаламгерлердің ұстазы болған ұмытылмас азамат, жазушы Мұқан Иманжановтың қысқа өмірі суреттеледі. Сол дәуірдегі әдеби, мәдени, қоғамдық өмір еш боямасыз көрсетіледі. «...Ол аз өмір сүрді. Бірақ артына өшпес мұра қалдырды. Өйткені Мұқан Иманжанов жастық туралы жазды. Мәңгілік махаббатты жырлады. Асыл достықтың әнін шырқады» (Нұршайықов, 2005: 46) [4], – деп Мұқаңның шығармашылық жолына жоғары баға беріп, достық-бауырлық қимас сезімін көрсетеді.

Жазушы шығармашылығындағы деректілік негізді қарастырған ғалым Мұратбек Тоқтағазин былай дейді: «Әзілхан Нұршайықов шығармашылығындағы атап көрсетерлік ең басты ерекшелік–қаламгер туындыларының барлығы дерлік нақты деректерден тамыртартып, нәр алып жатады. Осындай өзіндік өзгешелігіменде шынайы әрі тартымды жазушы цифрлармен фактілерді қолданғанда оның әрқайсысы орынорнымен нақты бір ой-идеяға қызмет етіп, соның құрамдас бөлшегіндей болып тұрады» (Тоқтағазин, 2012: 19) [5]. Әрине, жазушы өз шығармашылығына арқау болған тұлғалар өмірінің шындығын құжаттар, деректер негізінде жалаң баяндай салмаған. Әртүрлі көркемдік тәсілдер арқылы типтік образ, нанымды характер жасап, қаһарманның ішкі

әлемін көрсеткен. Тіпті деректі материалдардың өзін көркем образдың жандүниесін танытатын құрал ретінде пайдаланған. Автордың кейіпкердің шынайы жүзін ерекше таңданыспен әңгімелейтін естеліктерінің бірі – Қонаев жайлы. Нұршайықов өзінің «Ел ағасымен екі кездесу» атты естелік-этюдында: «Ұлы адамдармен үнемі жүздесе бермейсің. Сәті түскен шақтарда ғана кенеттен кездесіп қаласың. Сол кездесу санаңа сіңіп, ұмтылмай ойда жүреді. Қазақ халқының ХХ ғасырда туып, өмір сүрген ұлы перзенттерінің бірі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевпен менің де екі рет кездескен сәтім бар» (Нұршайықов, 2011;1956) [6] – деп, ел ағасының асқан паң, ұлы тұлға екендігінтілге тиек етеді. Естелікте Қонаевтің іс-әрекеті мен болмыс-бітіміне жоғары баға беріп, осынау елбасшылығында жүрген нар тұлғамен кездесуден ерекше әсер алғандығында жасырмайды. Осылай қалың оқырманның да ойын бір арнаға тоғыстырады.

Әдеби публицистикалық және көркем шығармаларында деректілік пен көркемдікті үйлестіре суреттеп баяндайтын публицист-жазушы Әзілхан Нұршайықов – нағыз нарраторлық шеберлікті таныта алған қаламгер.

Туындыгердің шығармашылық қырлары жайлы сөз қозғағанда авторлық баяндау тәсілін айтпай кетуге болмайды. Себебі көркем туындының нарративтік жүйесі автордың сөзі мен толғаныстары арқылы келісті өрнек табатындықтан, шығармада, автор мен нарратор көп ретте ортақ қызмет атқарады. (Қалқабаева, 2021:28) [7]. «Яғни, авторлық сана жеке-дара өмір сүрмейді. Ол өзге саналармен әр қырынан сабақтасып, құрылым жағынан түрлі баяндау деңгейлерін алып жатады және көркемдік орайында жанрлық-стильдік принциптермен сабақтас болады» (Майтанов, 1987: 89). Жалпы баяндау тәсілі жазушы үшінбет алған нысанаға жетудің жолы іспетті болғандықтан, суреткер оны өз идеясы мен шығарманың материалдық негізіне сай етіп таңдайды.

Оқиға деректілігі мен образ шынайылығына аса ден қоятын Ә. Нұршайықов шығармаларында негізінен бірінші жақтан баяндау тәсілін қолданады. Мұнысы автор үшін шындықты бейнелеудің жолын ашқан. Ірі стилист-жазушы Ш. Айтматов бірінші жақтан баяндауда шындықты толымды етіп көрсету мүмкіндігі шектеулі екендігін айтады (Айтматов, 1976: 46-167) [8]. Алайда, Ә. Нұршайықов осы қиындықты жеңіп, баяндаудың бұл түрінің кемерін кеңейте түседі. Тек авторлық баяндау сүрлеуімен тартып отырмай бірде баяндаушы-нарратор – кейіпкер болса, бірде ол қызметті әңгімеші-нарратор ролін атқарып отырады. Бұған қоса ауызша тұрмыстық баяндаудың түрлерін (хаттар, күнделіктер, құжаттар т.б.) пайдалана отырып, мазмұнды кеңейтіп өрбіте баяндайды. Бұл әдісі, біріншіден, шығарманы ықшамдап, тартымдылығын арттырса, екіншіден, суреттелген жайдың шыншылдығын күшейтеді, ал үшіншіден, автор қатысын байқатады (Қалқабаева, 2021:28) [9]. Деректі-баяндау тәсілдері оқырманды иландыра түсетін, ойғажетелейтін мәтіндер жасауға мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ тек шындықты әңгімелеп қана қоймай, әлеуметтік мәселелерге назар аударуды, күнделікті өмірде кейде еленбейтін оқиғалар мен құбылыстарға баға беруді өз алдына міндететіп қояды. Баяндаусыз шығармалардағы факті мен тәжірибенің үйлесуі оқырманды қоршаған әлемде болып жатқан оқиғалар туралы ойлануға жетелейтін ерекше атмосфераны тудырады (Гинзбург, 1977) [10]. Мұндай шығармалар жай ғана әдеби, замансөздік мәтін емес, шындықтың айнасына айналады, оны әр қырынан көрсетеді.

Проза мен замансөздегі деректілік пен нарративтік тәсілдер авторларға күрделі әлеуметтік-мәдени мәселелерді ашуға мүмкіндік беріп, оқырмандардың дискурстық қызығушылығын оята түсетін маңызды элемент болып табылады. Осы тәсілдерді ұстанатын авторлар өз сюжетімен баурап қана қоймай, оқырманды дискурсқа жетелейді. Нарративтік дискурс көркем мәтін мәнін, оның оқырманға әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Нарративтік дискурстағы зерттеулер сюжет желісі, кейіпкерлер, уақыт пен кеңістік, баяндау перспективалары сияқты әртүрлі баяндау стратегиялары арқылы мәтіндердің қалай ұйымдастырылғанына және құрылымдалғанына назар аударады [11].

Нарратология – мәтіндерді ұйымдастырудың жалпы заңдылықтары мен принциптерін анықтауға ұмтылатын әңгімені талдаудың теориялық тәсілі. Нарратологияның негізін салушылардың бірі – Жерар Женетт «Narrative Discourse» [12] еңбегінде баяндау құрылымдарын терең зерттей келе, баяндау тәсілдерінің үш негізгі аспектісі қарастырылады:

- Уақыт: баяндау оқиғалардың хронологиялық тәртібін қалай бейнелейді.
- Модус: баяндау стилі мен перспективасы.
- Дауысы: баяндаушы мен оқырманарасындағы қарым-қатынас.

Әзілхан Нұршайықов шығармашылығында, әсіресе күнделіктері мен естеліктерінде Женетт сипаттаған модус пен дауыс айқын көрінеді. Нұршайықовтың деректілікке негізделген баяндау стилі оқырманға жақындық туғызып, оның шығармаларын ерекше шынайы етеді. Сонымен қатар, Женетттің баяндаудағы «ішкі фокализация» түсінігі Ә. Нұршайықовтың кейіпкерлерінің ішкі әлемін ашуда қолданылған.

Көркем очерк жаза жүріп қаламы төселген Ә. Нұршайықовтың шығармашылығының стиліне, жанрына журналистиканың әсері болғандығы айқын сезіледі. «Ақиқат пен аңыз» роман-сұхбатының туындауына журналистік тапсырманың – Халық батыры Бауыржан Момышұлы туралы интервью-очерк жазу түрткі болғанын білеміз. Осы роман-сұхбатында кей оқиғаларды баяндауда басты кейіпкерінің соғыстағы психологиялық күйін суреттеуді ұмыт қалдырмайды: *«Мәскеуді қорғау шайқасында ол сарбаздарын алға ұмтылуға шақырды. Бірақ Бауыржанның жүрегінде сол сәтте жауапкершілік пен үрей қатар тұрып, ол өз шешімінің дұрыстығына күмәнданғандай болды. Алайда ол бұл сезімді ешкімге білдірмеді, тек қана алға жүру керек екенін түсінді. "Қорқыныш – бұл адам табиғатының бір бөлшегі, бірақ оны жеңу – нағыз батырлық," – деп ойлады ол ішінен»*[13]. Бұл үзіндіде оқиғалар Бауыржанның ішкі әлемі арқылы сипатталады. Автор кейіпкердің эмоциялары мен ойларын баяндауда ішкі фокализацияны қолданады. Оқырман кейіпкердің шешімдеріне, күмәндарына және батырлыққа деген көзқарасына тікелей куә болады. Авторлық дауыс Бауыржанның ішкі монологтары арқылы көрініс табады. Бұл тәсіл арқылы Нұршайықов оқырманды кейіпкердің ішкі психологиялық ахуалына жақындатып, оқиғаға эмоционалдық тұрғыдан тартуды мақсат етеді. Бауыржанның ішкі ойлары мен сезімдерін суреттей отырып, Нұршайықов оқырманға соғыс атмосферасының және кейіпкердің жауапкершілігінің ауыртпалығын сездіреді. Бұл тәсіл оқырман мен кейіпкер арасындағы байланыс орнатуға көмектеседі. Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романындағы осындай ішкі фокализация

Женеттің нарратология концепциясымен тығыз байланысты. Бұл әдіс Нұршайықовтың шығармашылығын ерекше шынайы әрі терең етеді, өйткені оқырман кейіпкердің ішкі әлеміне бойлай отырып, оның шешімдері мен әрекеттерін түсінеді.

Ә. Нұршайықов – естелік, күнделік, хат сияқты публицистикалық жанрларды көркем проза деңгейіне көтерген жазушы. «Қаламгер және оның достары» атты эпистолярлық романы, «Өткелдер» роман-естелігі, әдебиетші қауым күнделік-эпопея деп баға беріп жүрген «Өмір өрнектері» атты әдеби күнделіктері бұған дәлел. Қарапайым өмірлік деректерден мәнді дүние тудыра білетін еңбекқор қаламгердің әскери, тұрмыстық және әдеби күнделіктері өмірінің соңғы жылдарында жеке кітап болып жарық көріп жатты.

Жазушы естелік жанрына да ерекше ден қойды. Естелік жанрына былай баға береді: «Естелік жазуға ерекше шеберлік қажет. Өз заманының шындығын жан-жақты қамтып жазған шынайы естеліктің көркем шығармадан еш кемдігі жоқ. ...оқиғаны, кейіпкерді табиғи болмысымен көрсете алатын шығарма – естелік». 1985 жылы қазақтың ұлы жазушылары М. Әуезов пен С. Мұқанов туралы «Екі естелік» эссесін жазса, 2000 жылы Әзілхан Нұршайықов әдебиетімізге бір емес, қатарынан екі тың туындысын алып келді. «Қаламгер және оның достары» атты эпистолярлық романы мен автордың өзі «әдеби күнделіктер» деп атаған «Өмір өрнектері» кітабын оқырманға ұсынды. Сонымен қатар адал жары, өмірлік қамқоры, сенімді серігі бола білген Халима апайдың бейнесін өшпестей етіп «Мәңгілік махаббат жыры» атты прозалық поэма жазды.

Әзілхан Нұршайықов күнделікті қолданыстағы «күнделік» сөзін «Сюжетті роман» деген ұғыммен атауды жөн санаған. Ғылыми мақаланың негізі ретінде автордың күнделіктеріндегі жазбаларды алудың басты мақсаты – оқырманға автордың баяндау стиліндегі ерекшеліктерін көрсетумен қатар, философиялық толғамдарымен бөлісу. Автор өзі жазбалары туралы «менде күнделік екеу: бірі – тұрмыс күнделігі, екіншісі – әдеби күнделік. Екеуін қатар жүргіземін» деп жазады (Тұрысбек, 2005) [14].

Жазушы шығармашылығының естелік, күнделік жазбаларынан да ерекше көзге түстін нәрсе ол – махаббат тақырыбы. Әзілхан Нұршайықов «Мәңгілік махаббат жыры» атты күнделік үлгісінде жазған кітабында махаббат ұғымын былай ашады:

«Халима апаларың екеуіміз бір-бірімізге тоғыз жыл ғашық болып қосылдық. Одан кейін елу төрт жыл қол ұстасып, ләззатты өмір сүрдік. Көп ғашықтар жете алмаған мәңгілік махаббатты басымыздан кешірдік.

Қазақ даласындағы тұңғыш махаббат мазары Қозы Көрпеш пен Баян сұлу бейіті. Ертеректе апайларың екеуіміз ең алғаш қосылған кезде ол бейітті Аягөзден Таңсыққа түсіп, арнайы барып көретінбіз. Біз өлгенде Қозы мен Баяндай болып қатар жатамыз деп уәделескенбіз. Ол екеуін ғашықтардың пірі деп бағалайтынбыз.

... менің де болашақ орным Халиманың қасында болмақ. Біздің жас кездегі ғашықтық уәдеміз осылай орындалмақ...»[15] деп жазады.

Жазушы баяндауында ерекше қарапайымдылық, кез-келген оқырманға жақындық бар. Сонымен қатар, Әзілхан Нұршайықов «мәңгілік махаббат», «серт пен уәде» және «ғашықтық» ұғымын көркем тілмен баяндай білген. Мәселен, жазушы жазбасынан «мәңгілік махаббаттың» пірі Қозы Көрпеш пен Баян сұлу екенін айқын көреміз. Автор символика тәсілін пайдалану арқылы оқырмандарға таныс образдарды пайдалана

отырып, өз ойын оқырман танымына тиімді жеткізеді. Қозы мен Баян образын және Халима апамыз бен өзінің образын екі заманның қос ғашықтарының бейнесінде параллель суреттей отырып, екі кезеңнің, екі қоғамның, екі түрлі тағдыр мен өмірлік «ғашықтар» образын шебер жасай білген. Мәтінде уақыт пен барлық кедергілерді жеңетін махаббат тақырыбы оқырманмен сырласу, шер тарқату түрінде берілген.

Мәтіннің стилі баяндау сипаты қарапайым және түсінікті. Үзіндіде күрделі құрылымдар жоқ, дегенмен бірде қара сөзбен, кейде ақ өлеңмен жазылған бұл туындыны оқып отырған оқырманның тебіреніске, толғанысқа түсіп отыратыны даусыз. Бұны автордың шынайы жүректен шыққан өмірлік сәттер көрінісін экспрессивті-эмоционалды реңкпен баяндай алу шеберлігінің құдіреті дегеніміз абзал.

Автор естелік-күнделігінде махаббат ұғымының мәнін өмірлік мысалдармен аша түседі. Оның кез келген қиындықты жеңіп, өмір бойы жалғасатын іргелі күш екендігін ұғындыра түседі. Бұл тоғыз жылдық сүйіспеншілік кезеңін, одан кейін бірге ұзақ өмір сүруді, бақыт пен келісімде өмір сүруді сипаттау арқылы дәлелдейді. Қозы Көрпеш пен Баян сұлу бейітінің символизмі мәңгілік махаббат идеясын күшейтеді. Ол мінсіз жұптың символының бір түрі, ғашықтардың сезімі мен сүйіспеншілігі қабірде де бір болған. Мәңгілік махаббаттың символы ретінде мәңгілік бірге болу идеологиясы мен ғашықтық серттің бірлігі дәріптеледі. Сонымен қатар, мәтінде шынайы махаббаттың күші мен беріктігі туралы айтылатын хикаят, символизмге және автордың эмоциялық көңіл-күйімен астарласып берілген.

Жазушы естелік кітабынан келтірілген үзінділерден мазмұнды эмоционалды қабылдау мен бағалауға байланысты бірқатар танымдық процестерді байқаймыз.

- Оқырман мәтінде сипатталған екі басты кейіпкерлер жазушы мен оның жан жары Халима апаның арасындағы ұзақ мерзімді отбасылық сыйластық пен сүйіспеншілікті махаббат символы образында қабылдайды.

- Оқырман мәтіннің негізгі тақырыбы – махаббат және кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастың беріктігі екенін түсінеді. Олар тоғыз жыл кездесіп, содан кейін елу төрт жыл бақытты бірге өмір сүрді, бұл олардың сезімдерінің ұзақ ғұмыры мен шындығын көрсетеді.

- Оқырман мәтінде сипатталған махаббат хикаясына қатысты жылулық, сағыныш және нәзіктік сияқты эмоцияларды сезінеді.

- Оқырман мәтінде сипатталған махаббатты өзінің қарым-қатынасымен немесе махаббат туралы ойымен салыстыра алады.

- Оқырман мәтін аясында басты кейіпкерлердің, Қозы Көрпеш пен Баянның сұлу бейіттерінің, олардың уәдесі, махаббат оқиғасын ойша образдап, сол арқылы өз болашағын, өз махаббат жолының үлгісін жасай алады. Бұл тарихи призма олар үшін өз өмірінің сұлбасын елестету факторына айналады.

Тұтастай алғанда жазушы күнделігі оқырманда қабылдау, түсіну, эмоционалдық, бағалау және психикалық бейнелеуді қамтитын әртүрлі танымдық процестерді тудырады, онысы мазмұны бай тәжірибеге айналдырады.

« – Жұмыс жоспарыңыз бар ма? »

– Мен қазақпын ғой. Қазақ жоспар жасамайды. «Таңғы тамақ – Тәңірден» деп жүре береді. Мен де солаймын. Бірақ, оқыған қазақ болғандықтан күнде төсекке жатарда ертең не істеймін деп ентелеп ойлап қоятыным бар. Бүгін әлі жатқаным жоқ. Бірақ жатарда не ойлайтыным көкірегімде сайрап тұр»[16],– деп жазушы өз пікірімен бөліскен екен.

Осы мәтін үзіндісінен қазіргі уақыттағы көпшіліктің пайымында қылаң беретін «қазақпын ғой» деген стереотип есімізге оралады. Стереотип деуіміздің себебі, қоғамды бұл ұғым «жалқаулық» немесе «жоспарланған шараға уақытылы келмеу, кешігу» түсініктерімен сәйкес келеді. Дегенмен жазушының естелігіндегі «қазақпын ғой», оның ішінде «оқыған қазақ» ұғымына тереңірек үңілсек, ертеңгі күннің сенімді әрекеті, дағдысы мен жоспары санада сайрап тұратын көкірегі ояу қазақ образы туралы сыр шертеді.

Бұл диалог оқырманды халықтың мәдени ерекшеліктері мен психологиясы туралы ойға салатын қысқа, бірақ мәнді әдеби, деректі шығарма болып табылады. Автор екі кейіпкердің арасындағы диалогты олардың мәдени әрі ұлттық таным-түсінігін ашу үшін пайдаланады.

Мәдени контексте баяндау қазақ пен қазақ емес деп болжанатын адамдардың арасында орын алып, авторға қазақ халқы туралы стереотиптік көзқарасты ұсынуға мүмкіндік береді. Мәтіндегі қазақ жоспардан бас тартып, сеніміне сүйеніп, өз мәдениетінің типтік өкілі ретінде берілген. Символизм және метафоралық байланыста «Таңғы тамақ – Тәңірден» тіркесі болашаққа деген сенімділікті және оның пайдасына деген сенімді білдіретін метафора. Бұл қазақ халқының өмірге оптимистік көзқарас пен тағдырға сенуге бейім екенін түсінуге мүмкіндік береді. Мәтін оқырманды мәдени бірегейлік, дамушы заманға бейімделу және дәстүрлер мен заманауи өмір салты арасындағы тепе-теңдік мәселелері туралы ойлануға итермелейді. Бұл диалогта кейіпкерлердің ойлау процестері мен мәдени ерекшеліктерін сипаттайтын бірнеше когнитивтік аспектілер де кездеседі:

- Өзін «қазақпын ғой» деп таныстырған кейіпкер қазақтардың әдетте жоспар құрмайтынын айтып, «Таңғы тамақ – Тәңірден» деген сенімге сенетін мәдени стереотипті мысалға келтіріп, жұмыс жоспары туралы сұраққа жауап береді. Ол ертеңгі күні не істейтіні туралы ойлануға мәжбүр ететін фактор ретінде білімін көрсету арқылы жалғастырады.

- Оқырман кейіпкердің жоспарлау және мәдени сезімталдық туралы мәлімдемесіне қатысты таң қалу немесе түсіну сияқты әртүрлі эмоцияларды бастан кешіруі мүмкін.

- Оқырман жоспарлауға және жалпы өмірге көзқарастардағы айырмашылықтарға назар аудара отырып, кейіпкерлердің мәлімдемелерін салыстырады және талдайды, оларды өз идеяларымен және тәжірибелерімен байланыстыра алады

- Оқырман кейіпкерлердің және олардың болашаққа жоспарларын қалай қалыптастыратынын елестете отырып, олардың ойлау процестерінің психикалық бейнесін жасай алады.

Жалпы алғанда, бұл диалог оқырманда қабылдау, түсіну, эмоционалдық жауап беру, бағалау және психикалық бейнелеуді қоса алғанда, әртүрлі танымдық процестерді тудырады, бұл оны талдауды қызықты және мағыналы етеді. Әзілхан Нұршайықов

баяндауында оқырманмен байланыс, оқырман танымына әсер етіп, өмірлік тәжірибе арқылы баяндау, салыстыру, образдылық және символдарды пайдалану арқылы нарративтік тәсілдердің алуан түрін пайдалану сарыны анық байқалады. Қаламгердің «Мәңгілік махаббат жыры» туындысынан бөлек әдеби және тұрмыстық күнделіктерінде, қалың оқырмандардың қошеметіне бөленген «Жамбылға хат» (1996), Әскери күнделік (2010) атты әдеби күнделіктерінде деректілік пен баяндау тәсілдері кеңінен қолданылған. Бұл жазушы шығармашылығының жаңашылдығын, баяндау тәсілдерінің сан алуандығын көрсетеді.

Қорытынды

Әзілхан Нұршайықов шығармашылығында нақты өмірлік деректерді негізге ала отырып, оқырманға оны қарапайым да түсінікті, әрі жеңіл баяндау тәсілдер арқылы жеткізуінен оның даралық, публицистік шеберлігін көреміз. Қай шығармасын алсақ талиризм мен эпиканың үйлесімін көреміз. Оның «Мәңгілік махаббат жыры» туындысында деректілік лирикалық көркемдікпен ұштасады. Автор тілінің қарапайымдылығы мен айқындығы, бұл туындыларды кең аудиторияға қолжетімді етеді.

Ә. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» шығармаларындағы әскери өмірдің сипаттамасы деректі фактілер негізінде баяндалғанмен, көркемдік қасиетін де сақтайды. Композициялық құрылымды диалогтық сұрақтармен өрбітіп отыруы авторлық концепцияны іске асыруға апарған.

Кейіпкерлері оқиғалардың қатысушылары ғана емес, авторлық идеяларды да жеткізушілер болып табылады. Көркемдік элементтер оқырманның эмоциялық реакциясын күшейтуге көмектеседі. Автор кейіпкерлердің ішкі әлемін, олардың сезімдері мен моральдық дилеммаларын сипаттауға көп көңіл бөледі.

Нұршайықов баяндау динамикасын жасау үшін ретроспективаларды, монологтарды және диалогтарды шебер пайдаланады.

Автор шығармашылығында уақыт пен кедергілерді жеңген махаббат тақырыбы басты орын алады және автор оны кейіпкерлер, оқиғалар мен символдар арқылы жеткізе білген. Жазушының нарративті стилі анық және түсінікті және оқырманға эмоционалды тұрғыдан әсер етеді.

Әзілхан Нұршайықов шығармашылығындағы деректі-нарративті тәсіл тарихи дәлдікті көркемдік мәнерлілікпен қалай ұштастыруға болатынын көрсетеді. Оның шығармалары заманның әдеби мұрасы ғана емес, сонымен қатар адам өмірінің тәжірибесінен туындаған құнды тағылымдардың нақ өзі.

Әдебиеттер тізімі

1. Нұршайықов Ә. Таңдамалы шығармаларының он томдығы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2005.
2. Қалқабаева С. Көркем шығарма поэтикасы. Монография. – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2021. – 257 б.

3. Тоқтағазин М. Деректілік пенкөркемдік.– Алматы: Арна, 2012.– 192 б.
4. Тоқтағазин М. Замансөз заңғары. – Астана: «Кәусар» баспасы, 2022.– 144 б.
5. Ержанова С.Б. Қазіргі қазақ прозасындағы нарратология. Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2020.- 144 б.
6. Шмид В. Нарратология. – М., 2003. – 312 с.
7. Ковалев О.А. Нарративные стратегии в литературе. Монография. – Барнаул: Изд-во АлтГУ, 2009. – 198 с.
8. Тюга В. «Нарратология и этика». // Вестник СПГУ. 2022. - Т.19. - Вып.1
9. Греймас А.Ж., Курте Ж. Структурный анализ повествования. – М., 1983. – 325 с.
10. Нұршайықов Ә.Қаламгер және оның достары. – Алматы: «Өлке», 2005.– 448 б.
11. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы, 2006. – 400 б.
12. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 б.
13. Айтматов Ч. Точка присоединения. // Вопросы литературы. - 1976. - №8. - С. 146-167.
14. Гинзбург Л.Я. О психологической прозе. – Л.,1977. - 449 с.
15. Егоршина Н.В. Нарративный дискурс: семиологический и лингвокультурологический аспекты интерпретации. – Тверь, 2002. – 307 с.
16. Женетт Ж. Повествовательный дискурс. / Пер. с фр. Н. Перцова. Кн. 2. Фигуры. – М., 1998.– 282 с.
17. Тұрысбек Р.С. Әзілхан Нұршайықовтың шығармашылық мұрасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2005.– 271 б.

Л.А. Алмас¹, С.А. Калкабаева¹, М.Б. Токтагазин²

¹Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Документальные и повествовательные методы в творчестве А. Нуршайыкова (на основании дневниковых записей писателя)

Аннотация. В статье рассматривается документальная основа и повествовательный подход в творчестве Азильхана Нуршайыкова, народного писателя Казахстана, который своими новыми исследованиями внес формальные новации в казахскую прозу. Превращая в главный объект исследования документальные и повествовательные приемы, характерные для творчества писателя, рассматривает этот вопрос в тесной связи с понятием авторства. Контекстуальный анализ доказывает, что разнообразное использование документально-повествовательных приемов в творчестве Азильхана Нуршайыкова рассматривается в его произведениях как синтез правдивого повествования о событиях и художественных описаний. Сочетание документального и художественного повествования с выразительностью, представление неповторимого стиля писателя доказано научными выводами. Цель исследования – определить особенности документальной основы и приемов повествования в творчестве писателя, а также показать их взаимную связь и основу происхождения авторской концепции, неповторимого авторского стиля. Для достижения цели и создания научной гипотезы в статье делается акцент на выявлении

стилистических единиц, характерных для документального и повествовательного подходов, сделаны контекстуальные анализы, предварительные выводы на произведения писателя. Используются научные методы комплексного исследования творчества А. Нуршайыкова. Результаты исследования приводят к признанию синтеза документальной основы, характерной для подписи Азильхана Нуршайыкова, с художественным, авторским замыслом и приемами повествования. Исследование таких аспектов, свойственных творчеству писателя, составляет новизну статьи. Наше исследование в этом контексте приводит к признанию новых формальных видов, привнесенных в повествовательный (нарративный) подход казахской прозы и публицистики Азильхана Нуршайыкова, расширяет сведения о документально-нарративных подходах.

Ключевые слова: формально-стилистическая новизна, документальность, повествовательный подход, авторская концепция, авторский стиль.

L.A. Almas¹, S.A. Kalkabaeva¹, M.B. Toktagazin²

¹*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

²*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

Documentary and narrative methods in the work of A. Nurshaiykov (based on the writer's diary entries)

Abstract. The article examines the documentary basis and narrative approach in the works of Azilkhan Nurshaiykov, a national writer of Kazakhstan, who introduced formal innovations into Kazakh prose with his new research. Transforming documentary and narrative techniques characteristic of the writer's work into the main object of study, the article examines this issue in close connection with the concept of authorship. The combination of documentary and artistic narration with expressiveness, the presentation of the writer's unique style are proven by scientific findings. The purpose of the study is to determine the features of the documentary basis and narrative techniques in the writer's work, as well as to show their mutual connection and the basis of the origin of the author's concept and the author's unique style. To achieve the goal and create a scientific hypothesis, the article focuses on identifying stylistic units characteristic of documentary and narrative approaches, contextual analyses, and preliminary conclusions on the writer's works. Scientific methods of complex research of A. Nurshaiykov's creativity are used. The results of the study lead to the recognition of the synthesis of the documentary basis, characteristic of the signature of Azilkhan Nurshaiykov, with the artistic, authorial concept and narrative techniques. The study of such aspects, characteristic of the writer's work, constitutes the novelty of the article. Our study in this context leads to the recognition of new formal types introduced into the narrative approach of Kazakh prose and journalism of Azilkhan Nurshaiykov, expands the information on documentary-narrative approaches.

Key words: formal-stylistic novelty, factuality, narrative approach, author's concept, author's style.

References

1. Nurshaikov A. Tandamaly shygarmalarynyn on tomdygy [Ten volumes of selected publications] (Kazygurt, Almaty, 2005, 400 p.). [in Kazakh]
2. Kalkabaeva S.A. Korkem shygarma poetikasy [The Poetics of a Work of Art]. Monograph (Almaty, 2019, 234 p.). [in Kazakh]
3. Toktagazin M. Derektilik pen korkemdik [Documentary and artistic] (Arna, Almaty, 2012, 192 p.) [in Kazakh]
4. Toktagazin M. Zamansoz zangary [Contemporary word] (Kausar, Astana, 2022, 144 p.). [in Kazakh]
5. Erzhanova S.B. Kazirgi kazak prozasyndagy narratologiya [Narratology in the contemporary Kazakh prose] (Kazakh university press, Almaty, 2020, 144 p.). [in Kazakh]
6. Schmid V. Narratologiya [Narratology] (Moscow, 2003, 312 p.). [in Russian]
7. Kovalev O.A. Narrativnye strategii v literature [Narrative strategies in literature]. Monograph (Barnaul, 2009, 198 p.). [in Russian]
8. Tyupa V. Narratologiya i etika [Narratology and ethics], Vestnik SPSU, 1 (19) (2022). [in Russian]
9. Greimas A.J., Kurte J. Strukturnyi analiz povestvovaniya [Structural analysis of narrative] (Moscow, 1983, 325 p.). [in Russian]
10. Nurshaikov A. Kalamger zhane onyn dostary [The writer and his friends] (Olke, Almaty, 2005, 448 p.). [in Kazakh]
11. Adebiettanu terminder sozdigi [Dictionary of literary terms] (Almaty, 2006, 400 p.). [in Kazakh]
12. Maitanov B. Kaharmannyn rukhani alemi [The spiritual world of the hero] (Zhazushy, Almaty, 1987, 232 p.). [in Kazakh]
13. Aitmatov Ch. Tochka prisoedineniya [Connection point], Voprosy literatury [Literature questions], 8, 146-167 (1976). [in Russian]
14. Ginzburg L. O psichologicheskoi proze. [On psychological prose] (Leningrad, 1977, 449 p.). [in Russian]
15. Egorshina N.V. Narrativnyi diskurs: semiologicheski b lingvokulturologicheski aspekty interpretacii [Narrative discourse: interpretative semiology and linguistic aspects] (Tver, 2002, 307 p.). [in Russian]
16. Genette G. Povestvovatel'nyj diskurs [Narrative discourse]. Translation from French by N. Pertsov (Moscow, 1998, 282 p.). [in Russian]
17. Turysbek R. Azilkhan Nurshakovtyn shygarmashylyq murasy. [Creative heritage of Azilkhan Nurshaiykov] (Almaty, 2005, 271 p.). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Алмас Л.А. – хат-хабар авторы, докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Калкабаева С.А. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Тоқтағазин М.Б. – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Almas L.A. – PhD student at Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Kalkabaeva S.A. – Associate Professor of Al-Farabi Kazakh National University, Candidate of Philological sciences, Almaty, Kazakhstan.

Тоқтағазин М.Б. – Candidate of Philological Sciences, Professor L.N. Gumilov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Алмас Л.А. – докторант, Қазақшый Национальный университет им. аль-Фараби, Алматы Қазақшый.

Калкабаева С.А. – кандидат филологический науқ, доцент, Қазақшый Национальный университет им. аль-Фараби, Алматы Қазақшый.

Тоқтағазин М.Б. – кандидат филологический науқ, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Қазақшый.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).